



18/1-157 29.05.2026



БЕКІТЕМІН
«ОҚМА» АҚ ректоры
Сейтжанова Ж.С.
2026 ж.

«ОҚМА» АҚ ЖАНЫНДАҒЫ МЕДИЦИНА КОЛЛЕДЖІНІҢ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС
ЕРЕЖЕСІ

Е 306-2026

Күні	Көшірме	Басылым
		төртінші

Шымкент

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Медицина колледжі		Е 306-2026
Педагогикалық Кеңес ережесі		4- басылым 11 беттің 2 беті

1. «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжі ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ.

2. «ОҚМА» АҚ Сапа бойынша Кеңестің шешімімен БЕКІТІЛДІ.

Кезеңдік тексеру мерзімі - 3 жыл

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Медицина колледжі		Е 306-2026
Педагогикалық Кеңес ережесі		4- басылым 11 беттің 3 беті

МАЗМҰНЫ

1. Нормативтік сілтемелер	4
2. Терминдер, анықтамалар, белгілеулер мен қысқартулар	4
3. Жалпы ережелер	5
4. Педагогикалық кеңестің қалыптасу тәртібі	6
5. Педагогикалық кеңестің құрылымы	7
6. Педагогикалық кеңестің құзыреті	7
7. Педагогикалық кеңес мүшелерінің құқықтары	8
8. Педагогикалық кеңес хатшысы	10
9. Қорытынды	10

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Медицина колледжі		Е 306-2026
Педагогикалық Кеңес ережесі		4- басылым
		11 беттің 4 беті

1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Педагогикалық Кеңес төмендегі нормативтік құжаттардың талаптары ескеріліп, әзірленді:

-Педагогикалық кеңес туралы ереже колледждің педагогикалық қызметкерлерін үнемі әрекеттегі алқалы өзін-өзі басқару органы ретінде педагогикалық кеңес қызметінің тәртібін анықтайды және «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, 2007 жылғы 24 қазанындағы №506 бұйрығы ҚР білім және ғылым Министрлігімен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогикалық кеңес қызметінің Үлгілік ережелеріне сәйкес;

-Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы: Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V (өзгерістер және толықтырулар);

- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 2015 жылғы 23 қарашада бекітілген № 414- V ҚРЗ;

- ISO 9000:2015. Сапа менеджмент жүйесі. Негізгі ережелер мен сөздік;

- ҚР СТ ISO 9001-2016. Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар;

- СТ 003-2024. Құжаттандыруды ұйымдастыруды басқару;

- СТ 011-2024 Қызметкерлерді басқару;

- СТ 012-2025 Әкімшілік-басқару персоналының, профессорлық-оқытушылық құрамның және ғылыми қызметкерлердің біліктілігін арттыру;

- Жастар саясатына байланысты мемлекеттік бағдарламалар: Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2023 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 247 қаулысы;

- Академиялық адалдық кодексі К 121-2023;

- «ОҚМА» АҚ-да жасанды интеллект және цифрлық технологияларды қолдану ережесі Е 507-2026.

2. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы құжатта мынадай терминдер, анықтамалар, қысқартулар мен белгілер қолданылады:

«ОҚМА» АҚ - «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғамы;

Академиялық адалдық — бұл білім беру, білім алу мен ғылыми жұмыс барысында шынайылық, әділдік және жауапкершілік қағидаларын сақтай отырып, сыбайлас жемқорлықты алдын алуды, болдырмауды қамтамасыз етеді.

Академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидаттары:

- адалдық – пара алмау, жалған ақпарат бермеу;

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Медицина колледжі		Е 306-2026
Педагогикалық Кеңес ережесі		4- басылым
		11 беттің 5 беті

- әділдік – барлыққа тең мүмкіндік беру, таныстықпен артықшылық жасамау;
- жауапкершілік – өз әрекетіне есеп беру, заң мен ережені сақтау;
- сенім – қоғамда және оқу орнында сенімді орта қалыптастыру;
- құрмет – басқалардың құқығы мен еңбегін бұзбау;
- ашықтық – шешімдер мен бағалаудың айқын болуы.

Жасанды интеллект – адамның интеллектуалдық қызметінің нәтижелерімен салыстырылатын немесе олардан асып түсетін нәтижелерді қамтамасыз ететін, адамға тән когнитивті функцияларды имитациялай алатын функционалдық қабілет.

Жасанды интеллект жүйесін пайдаланушы – нақты функцияны және (немесе) міндетті орындау үшін жасанды интеллект жүйесін пайдаланатын адам.

Жасанды интеллект жүйесі қызметінің нәтижесі – ұсынылу нысанына қарамастан, ақпарат, шешім немесе жасанды интеллект жүйесі өндіретін жұмыстарды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді қоса алғандағы әрекеттер.

СТ- стандарт;

ISO- халықаралық стандарт;

ПОҚ - профессор-оқытушылар құрамы;

ПЦК – пәндік циклдік комиссия.

3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1 Педагогикалық кеңес – «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжі (бұдан әрі - Колледж) алқалы кеңесінің маңызды құралы және колледж қызметін басқару, оқу-тәрбие процесінің жоғары тиімділігін, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау және қайта даярлау сапасын қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылады.

3.2 Педагогикалық кеңес қолданыстағы заңнамалық актілермен, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогикалық кеңесінің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларымен регламенттеледі (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 24 қазандағы бұйрығы 12.11.2015ж. өзгерістер мен толықтырулармен № 643, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен 08.01.2021 ж. жағдай бойынша өзгерістермен толықтырулармен), білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларымен, білім алушыларға білім беру және тәрбиелеу мәселелері жөніндегі басқа да нормативтік-құқықтық актілермен, сондай-ақ осы Ережемен.

3.3 Педагогикалық кеңесті колледж директоры басқарады. Педагогикалық кеңес құрамы колледж директорының ұсынысымен «ОҚМА» АҚ ректоры бұйрығымен бекітіледі.

ONȚÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Медицина колледжі		Е 306-2026
Педагогикалық Кеңес ережесі		4- басылым
		11 беттің 6 беті

3.4 Педагогикалық кеңестің қызметі колледж директоры бекіткен жұмыс жоспарына және колледжінің сапа саласындағы саясаты мен мақсаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

4. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТӘРТІБІ

Педагогикалық кеңесті қалыптастыру тәртібі:

4.1 Педагогикалық Кеңес колледж директорының ұсынысымен, «ОҚМА» АҚ бұйрығымен құралады.

4.2 Колледж директоры Педагогикалық Кеңестің төрағасы болып табылады және төрағаның орынбасарын тағайындайды. Төраға болмаған жағдайда оның міндеттерін орынбасары атқарады. Төраға Педагогикалық Кеңестің жұмысын ұйымдастырып, оның ҚР тиісті заңнамасына және осы Ережелерге сәйкес қызмет етуін қамтамасыз етеді.

4.3 Педагогикалық Кеңестің құрамына директор, директордың оқу – әдістемелік және оқу – өндірістік, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, кафедра меңгерушілері, жұмыс берушілер, кафедра оқытушылары мен білім алушылар кіреді.

4.4 Директордың ұсынысымен, бұйрыққа Педагогикалық Кеңес хатшысы тағайындалады.

4.5 Педагогикалық Кеңес өз жұмысын оқу жылына бекітілген жұмыс жоспары негізінде ұйымдастырады.

4.6 Педагогикалық Кеңес отырыстары оқу жылындағы жоспарға сәйкес айына бір рет өткізіледі.

4.7 Егер кеңес мүшелерінен $\frac{2}{3}$ бөлігі қатысатын болса, онда педагогикалық кеңестің отырысы құзыретті болып табылады. Педагогикалық кеңестің мүшелері белгілі себеппен қатысуы мүмкін болмаса төрағаны алдын ала хабардар етуге міндетті.

4.8 Педагогикалық кеңес мүшелері «ОҚМА» АҚ қызметінен босатылса, міндетті түрде Кеңес құрамынан да шығарылады.

4.9 Педагогикалық Кеңес хатшысы педагогикалық Кеңестің іс құжаттарын жүргізеді, Кеңес мүшелері мен шақырылған тұлғалардың мәжіліске қатысуын ұйымдастырады, даярлайды және мәжіліске 3 күн қалғанда, кешіктірмей күн тәртібі көрсетілген хабарламаны таратады.

4.9.1 Педагогикалық Кеңестің құзыреттілік мерзімі – 3 жыл;

4.9.2 Педагогикалық Кеңес өз жұмысын ағымдағы жылда бекітілген жоспар негізінде жүргізеді және жылдың соңында қайта бекітеді.

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Медицина колледжі		Е 306-2026
Педагогикалық Кеңес ережесі		4- басылым
		11 беттің 7 беті

5. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ҚҰРЫЛЫМЫ

Педагогикалық кеңес құрылымы келесі сызбада көрсетілген:



6. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚҰЗІРЕТІ

Орта кәсіптік білімді мамандарды даярлау бойынша білім беру мекемесінің түрлі деңгейдегі заң шығарушы және атқарушы билік органдарының нормативтік –құқықтық құжаттарын орындау бойынша құқықтық нормалар мен шараларды талқылау және қарау.

Білім беру үрдісін ұйымдастырудың негізгі сипаттамалары:

6.1 Оқыту мен тәрбие жүргізілетін тілді, білім алушыларды қабылдау шараларын, оқудан шығару негіздемесін және тәртібін, білім алушылардың емтихан сессиясына жіберуін, аралық және мемлекеттік қорытынды аттестаттауды өткізу түрлері мен шарттарын, аралық аттестаттау кезіндегі бағалау жүйелерін, білім алушылардың сабақ кестесін, ақылы білім беру қызметтерін көрсету тәртібін және т.б. анықтау және бекітуге шығару. Колледж және оның құрылымдық бөлімшелерінің оқу-тәрбие және ғылыми-әдістемелік жұмысының жоспарларын қарау және бекіту.

6.2 Орта кәсіптік білім берудің мемлекеттік білім беру бағдарламаларын, оның ішінде оқу-бағдарламалық, оқу-әдістемелік және эксперименталдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыру бойынша шаралар жүйелерін шығару және бекіту.

6.3 Колледждегі оқу жұмысының жағдайы мен қорытындыларын, түлектердің аралық және қорытынды аттестаттау нәтижелерін, олардың

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Медицина колледжі		Е 306-2026
Педагогикалық Кеңес ережесі		4- басылым
		11 беттің 8 беті

дайындығы бойынша шараларды жасау және бекіту, оқудан шығарылған білім алушылардың себептерін қарау және оларды жою бойынша шаралар қолдану.

6.4 Колледждегі тәрбие жұмысының жағдайы мен қорытындыларын, білім алушылардың тәртіп жағдайларын талқылау, тәлімгерлер кеңесінің, білім алушылардың кеңесінің және осы бағыт бойынша басқа да қызметкерлердің жұмысы туралы есептерді тыңдау.

6.5 Келесі курсқа көшіру немесе шартты көшіру, білім алушыларды оқудан шығару туралы шешім қабылдау.

6.6 Колледждегі әдістемелік жұмысының жағдайы мен қорытындыларын талқылау, әдістемелік кеңестің жұмысы туралы есептерді тыңдау, колледжінің білім беру үрдісінде қолданылатын оқытудың педагогикалық және ақпараттық технологияларын, әдістер мен құралдарын жетілдіруге шараларжүйесін құру және бекіту.

6.7 Колледждегі пәндік-циклдік комиссияларын қалыптастыру тәртібін, мәжілістерді өткізу мерзімділігін, пәндік-циклдік комиссия төрағасының және мүшелердің өкілеттіліктерін белгілеу, олардың жұмысын қарау және оны жетілдіру бойынша ұсыныстар шығару.

6.8 Колледждегі педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін, олардың аттестаттауын, атқарып жатқан қызметінің біліктілікке сәйкестігін арттыру мәселелерін қарау; Жаңа педагогикалық және ақпараттық технологиялар саласындағы педагогикалық қызметкердің тәжірибесін, оқу және әдістемелік құралдарды жасауын, колледждің білім беру үрдісіне ендіру бойынша ұсыныстарды тыңдау және талқылау.

7. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Педагогикалық кеңес мүшелері төмендегілерге құқылы:

7.1 Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлау жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді және құқықтық актілерді орындау бойынша іс-шараларға.

7.2 Оқу-тәрбиелік және әдістемелік жұмыстардың жағдайын, оқытудың барлық нысандары бойынша оқыту әдістерін жетілдіру мәселелерін, оқытудың жаңа технологияларын енгізуге (ақпараттық, модульді, тұлғалық бағдарланған және тағы басқалар).

7.3 Клиникаға дейінгі кабинеттердің мән-жайын қарауға, стандарт талаптарына сәйкес болуын талап етуге.

7.4 Білім беру ұйымдарының оқу-материалдық базасының дамуын жоспарлауға.

7.5 Оқу-тәрбиелік және әдістемелік жұмыстардың орындалуын талап етуге.

ONȚÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Медицина колледжі		Е 306-2026
Педагогикалық Кеңес ережесі		4- басылым
		11 беттің 9 беті

7.6 Кафедра меңгерушілердің, ПОҚ, өндірістік оқыту шеберлерінің, оқу-көмекші персоналдардың біліктілігін арттыру және біліктілік арттырудың жаңа нысандарын қарастыруға, ұсыныс білдіруге.

7.7 Білім беру ұйымында жаңа мамандықтар мен пәндер бойынша оқытушыларды және өндірістік оқыту шеберлерін, оқытушылар құрамын даярлауды, жас мамандарды оқытушылық қызметке тартуға.

7.8 Басқарушы және педагогтік кадрларды аттестаттауға даярлаудың аттестаттау жүйесін және ұйымдастыруды жетілдіруге.

7.9 Білім алушыларды қабылдау, бітірушілерді бітірту және жұмысқа орналастыру мәселелеріне.

7.10 Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау, курстық жұмыстарын (жобаларын) қорғауға даярлау және өткізу бойынша іс-шараларға.

7.11 Білім алушылардың өндірістік практикасын ұйымдастыру және өткізу мәселелеріне.

7.12 Білім алушылардың тәртібінің жай-күйіне, үлгермегені үшін, жатақханадағы ішкі тәртіп және тұру ережелерін бұзғаны үшін оқудан шығару мәселелері, сондай-ақ жеке жағдайларда білім алушыларды білім беру ұйымдарына қайта қабылдау мәселелеріне.

7.13 Оқу - тәрбие процестерін компьютерлеудің жай-күйіне.

7.14 Білім алушылар контингентінің сақталуына.

7.15 Білім алушылардың тұлғалық бағдарланған тәрбиесі мен білімі турады мәселелерге.

7.16 Республикалық еңбек нарығының талаптарына және экономиканың дамуының перспективаларына сәйкес кадрларды даярлау мәселелерін қарастырады. Жеке қызметкерлердің біліктілігі осы білім ұйымдарында орындалып жатқан жұмыстарына сәйкестігі туралы мәселелер, қажетті жағдайда, педагогтік кеңесте қарауға ұсынылады. Педагогикалық кеңестің отырысында қызметі талқыланатын білім беру ұйымының қызметкерлері педагогтік кеңестің отырысына қатысуға құқығы бар. Отырыстың өту күні туралы қызметкерлерге кемінде жеті күн бұрын хабарланады.

8. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Педагогикалық кеңес хатшысы педагогикалық Кеңестің іс құжаттарын жүргізуге жауапты.

Педагогикалық кеңестің міндеттері.

8.1 Педагогикалық кеңес өз жұмысында (оның лауазымына, құзыреттілігіне қарамастан) білім алушылармен әріптестері арасында, академиялық адалдық және

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Медицина колледжі		Е 306-2026
Педагогикалық Кеңес ережесі		4- басылым
		11 беттің 10 беті

сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға және сол қағидаттарды қатаң ұстануға міндетті.

8.2 Педагогикалық кеңес өз жұмысында жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдануға қатысты ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын, соның ішінде оларды қауіпсіз, этикалық және жауапты пайдалану қағидаттарын сақтауға міндетті.

8.3 Кеңес мүшелері мен шақырылған тұлғалардың мәжілістерге қатысуын ұйымдастыру және даярлау.

8.4 Мәжіліске үш күн қалғанда, кешіктірмей күн тәртібінде көрсетілген хабарламаны жіберу.

8.5 Педагогикалық кеңес мәжілістерінің хаттамаларын жүргізу.

Педагогикалық Кеңес хатшысының құқығы:

8.6 Ұсыныстарды педагогикалық Кеңестің қарауына енгізу.

8.7 Педагогикалық Кеңес қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға және шешім қабылдауға қатысуға.

8.8 Құрылымдық бөлімше басшыларынан педагогикалық Кеңес жұмысын ұйымдастыруға қажетті ақпаратты сұрауға.

8.9 «ОҚМА» АҚ кітапханасының қызметін, оқу және ғылыми бөлімшелердің ақпараттық қорларын ақысыз қолдануға.

8.10 «ОҚМА» АҚ басшылығынан өз қызметінің ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық тұрғыдан қамтамасыз етілуін, сонымен бірге өзінің лауазымдық құқықтары мен міндеттерінің орындалуына жағдай жасалуына талап етуге.

8.11 Педагогикалық кеңес өз жұмысында жасанды интеллект құралдарын қолдану кезінде алынған нәтижелердің дұрыстығын тексеруді, құпиялылық пен деректерді қорғау талаптарын, академиялық адалдық қағидаттарын сақтауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ аталған технологияларды қолдана отырып дайындалған түпкілікті шешімдер мен материалдар үшін жеке жауапкершілікте болады.

8.12 Педагогикалық кеңес өз жұмысында жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдану тәртібін сақтамау академиялық адалдық қағидаттарына қайшы келетін іс-әрекет ретінде қарастырылады.

9. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагогикалық Кеңес туралы Ереже, ондағы өзгертулер мен толықтырулар Педагогикалық Кеңес мүшелерінің басым бөлігі қолдап дауыс берген жағдайда ғана қабылданады.

Педагогикалық Кеңес туралы Ереже, сондай ақ өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылданған күннен бастап күшіне енеді.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Медицина колледжі		Е 306-2026
Педагогикалық Кеңес ережесі		4- басылым 11 беттің 11 беті

Әзірлеген:

Лауазым	Т.А.Ж.
Медицина колледжінің директоры	Кушкарлова А.М.

Тексерілген:

Лауазым	Т.А.Ж.
Кадрлық қызмет бөлімінің меңгерушісі	Елеусизова Г.Л.
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі	Ержанов Н.А.
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	Кабиштаев О.А.

Келісілген:

Лауазым	Т.А.Ж.
Оқу-әдістемелік орталығының басшысы	Долтаева Б.З
Академиялық жұмыстар жөніндегі проректоры	Анартаева М.У.
Ғылыми және стратегиялық даму жөніндегі проректор	Аукенов.Н.Е.
Тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор	Сәлім Е.Қ.
Комплаенс офицер	Пернебаев Н. Ә